

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	ЖТН АР25796511 «Жаһандық мәдени кеңістіктегі қазақ этностилі: жаңа эстетикалық шешімдер».
Өзектілігі	Бұл ғылыми жоба заманауи әлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ этникалық стилін зерттеп, жаңа эстетикалық шешімдерді ұсынуымен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта қазақ этникалық стилін сақтау, дамыту және халықаралық деңгейде насихаттау мәселелері кеңінен қарастырылмаған. Сондықтан бұл жоба қазақ этникалық стилінің шығармашылық салалардағы рөліне және оның заманауи мәдени үдерістерге интеграциялануына баса назар аударады, сондай-ақ осы бағыттағы шешімдерді іздеудің инновациялық тәсілін ұсынады.
Мақсаты	Бұл жобаның негізгі мақсаты – қазақ этникалық стилінің жаһандық мәдени кеңістікте қалай дамып, жаңғырып келе жатқанын зерттеп, оны заманауи жаңа шығармашылық индустриялар аясында көрсету. Қазақтың этникалық стилінің әлемдік кеңістіктегі ықпалын күшейту және дәстүрлі мәдени элементтерді сақтау және оларды заманауи эстетикалық үрдістерге бейімдеу арқылы ұлттық мәдениеттің жаңғыруына жағдай жасау.
Міндеттері	1.Қазақ этностиліне қатысты теориялық дереккөздер мен әдебиеттерді талдау: Осы тапсырма аясында қазіргі Қазақстандағы этностилдің теориялық зерттеулері мен концептуалды үлгілері талданады. Қазақ этностилінің философиялық негіздері, оның тарихы мен қалыптасуы, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, этникалық стилдің жаһандық мәдени үрдістерге қалай бейімделетіні және дәстүрлі және заманауи элементтердің үйлесімі зерттеледі. 2.Қазақ этникалық стилінің ұлттық және әлемдік мәдениеттегі бейнелену үлгілерін талдау: Екінші тапсырмада ұлттық этникалық стильді сақтау және дамыту үшін

	қолданылатын репрезентативті үлгілер талданады. Бұл үлгілер қазақ мәдениетінің дәстүрлі элементтерін (киім, ою-өрнек, қолөнер, сәулет) қазіргі мәдениетке қалай қосуға болатынын анықтайды. Ұлттық дәстүрден нәр алған киім үлгілері мен дизайнын халықаралық аренада насихаттау әдістері зерттелуде. 3.Өңірлерде далалық зерттеулер жүргізу және этникалық стильді қолдану тәжірибесін талдау: Қазақстанның Батыс, Шығыс, Оңтүстік және Орталық аймақтарында қазақ этникалық стилінің қазіргі кездегі қолданыс жағдайын зерттей отырып, далалық зерттеулер жүргіземіз. Өнер, сәулет, сән және қолданбалы өнер саласында этникалық стильдің қалай сақталғанын және дамығанын анықтауға мүмкіндік беретін аймақтық сипаттамаларға шолу берілген. Бұл зерттеулердің мақсаты – қазақ этникалық стилінің жергілікті мәдениетке әсерін анықтау. 4. «Қазіргі қазақ этникалық стилінің әлемдік мәдени кеңістіктегі рөлі» монографиясын әзірлеу: Жобаның қорытындысы бойынша қазақ этникалық стилінің әлемдік мәдени кеңістіктегі орны туралы монография дайындалып, жарық көреді. Монографияда этникалық стильдің эстетикалық аспектілері, оның әлемдік мәдениетке әсері және заманауи өнер мен дизайнға кірігуі қарастырылады.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Соңғы нәтиже: - 2025 жылға қарай: -Қазақ этникалық стилінің теориялық және концептуалды үлгілері талданады; - далалық зерттеулер жүргізу үшін Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде қолөнершілермен, суретшілермен, өлкетанушылармен кездесулер ұйымдастырылады; - Зерттеу нәтижелері отандық журналдарда ғылыми мақалалар түрінде жарияланады; - 2026 жылға қарай: - Ақтау, Атырау, Семей, Өскемен

	қалаларында қазақ этникалық стилі саласында тәжірибе алмасу, заманауи сән үлгісін қолдану бойынша шығармашылық шеберлік сабақтарын ұйымдастыру және докторлық диссертация қорғау; - Scopus деректер базасында CiteScore кемінде 35 (отыз бес) процентильді құрайтын мақаланы жариялау 1 (бір) мақала ғылыми журналдарда жарияланады; - 2027 жылға қарай: - Мәдени мұра институтының мәдени және ғылыми орталықтарына бару ұйымдастырылады; - Жинаған материалдарды мәдениетаралық әдістер арқылы талдау және олардың теориялық мәнін табу, ашу, практикалық ұсыныстар жасау. Астанаға іс-сапар; - Scopus деректер базасында CiteScore бойынша ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақала жарияланады; - «Қазіргі қазақ этникалық стилінің әлемдік мәдени кеңістіктегі рөлі» атты монографиясы жарық көреді;
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Найзабаева Гульнара Асхатқызы – жобаның ғылыми жетекшісі, постдокторантураға үміткер. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 8D03104 – «Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша докторантура бітірген. Хирш индексі-1 (Scopus), Scopus Author ID-57414705000 ORCID: 0000-0001-7335-190X Ғабитов Тұрсын Хафизұлы – отандық ғылыми кеңесші – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, Қазақстан философиялық конгрессінің вице-президенті. Индекс хирша -2 (Scopus), Scopus Author ID-56177049600

Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	1.Changes in the Traditional Occupations and Discourse of Women: New Element of Human Capital in Redesigned Kazakh Society Journal of Ethnic and Cultural Studies.Scopus Q1 (Cultural Studies; Sociology and Political Science) Percentile - 95 CiteScore - 2.9 https://www.ejecs.org/index.php/JECS/article/view/1295 http://www.ejecs.org/index.php/JECS Publisher - Florida Gulf Coast University ISSN 21491291 2. The national idea in the context of the dialogue of cultures https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85029790125&origin=resultslist&sort=plf-f http://vphil.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=729
Патенттер туралы ақпарат	Патент қабілеттілігі жоқ.